

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫ БОЙЫНША  
АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН**

**ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ**

---

**МЕТОДИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ  
ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ  
«ПО ПОДГОТОВКЕ РЕБЕНКА К ОБУЧЕНИЮ В ШКОЛЕ»**

Нұр - Сұлтан  
2020

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында  
әзірленген*

«Баланың мектепке дайындығы бойынша ата-аналарға арналған  
әдістемелік құрал, Нұр – Сұлтан, 2019 ж. - 44 бет.

**Пікір жазғандар:**

С.Жиенбаева, п.ғ.к.

Ж.Махмутова, менгеруші

М. Елубаева, әдіскер

Әдістемелік құралда баланың мектепке дайындығында ата-аналармен жұмыстың негізгі бағыттары мен кезеңдері қарастырылған.

Осы құралды ата-аналар балаларды мектепке даярлауда қолдануына болады.

Әдістемелік құрал ҚР БФМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Фылыми әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған. (2020 жылғы 3 ақпандағы № 2 хаттама)

«Мектепке дейінгі балалық шақ»

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Бұғынгі күні баланың мектепке даярлығы мәселесі барынша өзекті болып отыр. Бұл мәселенің өзектілігі балалардың (5-6 жастағы) мектепке дейінгі білімнен мектепте жүйелі оқуға көшу кезеңінде байқалады. Бұл Қазақстан Республикасында «Білім туралы» заңына өзгерістер енгізіліп, балаларды 1 сыныпқа алты жастан қабылдауға қатысты норманың қүшіне енуіне байланысты.

Осыған байланысты балалары 1 сыныпқа баратын ата-аналарды әдістемелік және психологиялық қолдау қажеттігі туындалған болып отыр. Бұл мәселедегі ата-аналардың қобалжы өте орынды себебі бала мектепке қандай дайындықпен нені біліп баруы керек осының барлығы ата-аналарды толғандыратын мәселелер.

Осы мәселе бойынша ата-аналардың жан-жақты хабардар болуы әлі де жеткіліксіз. Оның бірінші себебі ата-аналардың өздерін қызықтыратын сұрақтарға жауап беретін пайдалы ақпараттарды алуға үнемі уақытының болмауына байланысты.

Осы құралдың мақсаты – баланың мектепте оқуға дайындығы бойынша ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- ата-аналардың құзыреттілігін арттыру;
- балаларды тәрбиелеуге ата-аналарды тарту (оқуға ынтасының артуы, қолдың ұсақ бұлшық еттерін жетілдіру және т.б.);
- баласы мектепке баратын кездегі ата-ананың қобалжу деңгейін төмендетеу.

Баланы мектепке даярлауда отбасының ересек мүшелері ата-ананың да тәрбиешінің де мұғалімнің де міндеттерін атқаратын болғандықтан мұнда ата-ананың рөлі өте маңызды.

Әдістемелік құрал кеңес беру материалдарын, көбінесе қойылатын сұрақтарға жауаптарды, танымдық процестерді (есте сақтау, зейін) дамытуға ойындар картотекасын қамтиды.

Күтілетін нәтижелер:

- баланың мектепке оқуға танымдық және тұлғалық даярлығы қалыптасады;
- ата-аналардың белсенділігі артады;
- баланы мектепке даярлауда ата-аналардың білім деңгейлері кеңейіп, құзыреттіліктері артады.

Әдістемелік құрал келесі бөлімдерден тұрады: «Баланы мектепке даярлаудағы отбасының рөлі», «Мектепте жақсы оқудың негізгі факторлары», «Мектепте табысты оқудың негізгі факторлары», «Баланың мектепке психологиялық даярлығы», «Ата-аналарға арналған жалпы кеңестер».

## **БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛАУДАҒЫ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ**

Отбасы мектеп жасына дейінгі бала үшін оның өмірін қоғамдық ортамен байланыстыратын негізгі және бірінші буын. Отбасындағы дәстүрлер ондағы болашақ мектеп оқушысының баланың орны, отбасы мүшелерінің оған қатысты тәрбиесі осыған барлығы тәуелді.

Көбінесе баланың мектептегі сәтсіздіктері, олардың ұжымға енуі, оқығысы келмеуі немесе оқи алмауы ата-аналардың қателіктерінің нәтижесі болып табылады. Ата-аналар бастысы баланың материалдық қамтамасызын етілуіне басты назар аудара отырып, оның кітап окуға деген қызығушылығының қалыптасуына, баланың сөйлеуінің дамуына, еңбекке, еңбекті сүюге психологиялық дайындығына аса мән бермейді. Осының нәтижесінде балада білімге деген жағымсыз қатынас қалыптасады.

Мектепте окуға табысты бейімделудің шарты баланың физикалық және атқарымдық даму деңгейі, оның денсаулық жағдайы болып табылады. Әлсіз бала тез шаршайды, оның жұмыс істеу қабілеті тәмендейді де оқу жүктемесі ол үшін қын болып көрінеді. Балаларды мектепке даярлауда олардың күн тәртібіне ерекше назар аудару қажет. Егер сіз балаңыздың қатты шаршағанын, кешке қарай сылбырлық танытып немесе жүйкесі жұқарып, көңіл күйі болмай түрғанын сезетін болсаңыз оның күн тәртібін дұрыс үйимдастырысаңыз алдында балаңыздың бойынан байқаған жағымсыз белгілердің ғайып болғанын аңғаратын боласыз.

### **Күн тәртібі**

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес рационалды күн тәртібі түрлі әрекет түрлерін алмастыруға, онтайлы қимылдық режимді қамтамасызын етуге соның ішінде таза ауада толыққанды демалысты, жеткілікті ұзақтықтағы үйқыны қамтамасызын етуге, бастысы баланың нормаға сәйкес өсуі мен дамуына ықпал етеді.

Дұрыс үйимдастырылған күн тәртібі – балалардың әрекетін үйимдастыруға, оларды тәртіпке, уақытпен санасуға үретуге мүмкіндік береді және балалардың бойында ашуланшақтықтың, қозғыштықтың алдын алуға күні бойы баланың еңбекке қабілеттілігін сақтауға мүмкіндік береді.

Балаға күн тәртібі түсіндіріледі. Табиғаттағы жыл мезгілдері рет-ретімен айтылады: жаз-қыс, күн-түн. Адамдар белгілі бір тәртіппен өмір сүреді: үйиқтайды-сергейді, жұмыс істейді-демалады. Баланы сағат үйқыдан оятады. Балаға сағаттағы сандар, кіші және үлкен сағат тілдері түсіндірілуі тиіс. Циферблатпен сағаттың үш дискісінің бейнесін салыңыз.

Бала сағаттың үлкен және кішкентай тілін бейнелейді және есте сақтауға тырысады

Қанша уақытта ояну керек?

Үйден мектепке қанша уақытта шығу керек?

Қанша уақытта үйиқтау керек?

Бала үшін дұрыс үйимдастырылған күн тәртібі – денсаулықты сақтау мен нығайту ғана емес сондай табысты оқудың шарты.

## **Тамақтану тәртібі**

Дұрыс үйымдастырылған тамақтану тәртібі белгілі талаптарды орындауға негізделеді. Мұнда бастысы тамақтану мерзімі мен олардың арасындағы интервалдарды сақтау. Сондай-ақ тамақтану рационы құрамы бойынша теңгерімді, белоктар, майлар, көмірсулар, дәрумендер мен минералдардың қажетті саны болуы қажет. Бала асықпай, тыныш жағдайда тамақтануы, тамақтың сыртқы түрі мен иісі, үстелдік сервировкасы оны жағымды эмоцияларға бөлеуі қажет.

Дұрыс тамақтануды қамтамасыз ету үшін мыналар қажет:

- тамақта қажетті ингредиенттердің болуы;
- дұрыс ас-қорыту жолы;
- рационалды тамақтану тәртібі.

## **Ұйқы**

Адам жасына сәйкес ұйқыға деген сұранысты қанағаттандыруы қажет, егер бұлай болмаған жағдайда түрлі аурулар пайда болуы мүмкін. Балаларда ұйқы жетіспеушілігі кезінде қанда арнайы гормондардың бөлінуі бұзылысына әкеледі де бұл өз кезегінде олардың өсуі мен дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін. Баланың ұйқысы дұрыс қанбаған кезде оның окуға деген ынталануы төмендейді.

Ұйықтап қалуды болдырмау үшін мынадай шарттарды сақтау қажет:

- күнделікті бір мезгілде ұйықтату;
- 19 кейін эмоционалдық жүктемелерді азайту (шулы ойындар, фильмдер көру және т.б.);
- өзіне пайдалы әдеттерді қалыптастыру: кешкі душ пен ванна, серуендеу, және т.б.

Бөлме желдетілген ал баланың кереуеті биік емес жастықпен тегіс болуы керек.

## **Болашақ оқушының жұмыс орны**

Баланың жұмыс орнын дұрыс үйымдастыру қажет.

Бала сабак оқитын үстел күндізгі жарық сол жағынан түсетіндей болып (егер бала «солақай» болса онда керісінше) орналасуы, олай болмаған жағдайда толық жасанды жарықтандыру қажет. Үстел үсті жарығы (лампа) көзге тура түспеуі қажет ол үшін жарықтың үстінде арнайы қалқаншасы болуы керек.

Үстел мен орындықтың оңтайлы сәйкестігі мынадай болуы керек: кеудесін жоғары көтеріп, шынтақтарын үстел шетіне қойып, саусақтарының ұшымен көзінің сыртқы бұрышына дейін жеткізе алатындаи болып орналастырылуы қажет. Ол үшін орындықтың биіктігін ғана реттеудің өзі де жеткілікті. Дұрыс отырғызғанда баланың аяғы еденге немесе тіреуге тік болып орналасуы қажет. Орындықтың арқасы биік болмауы қажет. Бала осында жағдайда жұмыс істей отырып, шаршамайтын болады.

## **Ойындар мен серуендер**

Мұнда баланың қымыл белсенділігі мен таза ауадағы серуендеуіне басты назар аудару қажет. Серуендердің, қымылды ойындардың және басқа да қымылды белсенділік түрлерінің ұзақтығы 3–3,5 сағат болуы керек.

Дұрыс ұйымдастырылған құн баланың көңіл-күйін көтеріп, оның үлгіріміне де жағымды әсер етеді.

Баланы тәрбиелу мен дамытуда мынаны ескеру қажет: білім баланы ақылды етуі мүмкін, бірақ шындығында оны бақытты етуге оның жақындарымен және жақсы көретін адамдарымен, отбасымен араласу арқылы қол жеткізуге болады. Ата-ана баланы тек алдағы уақытта жақсы оқуға ғана даярлап қоймай, сондай-ақ болашақ сыныптастарының ортасында өзіне лайықты орынға ие болу, мектепте өзін жайлыш сезінуге жағдай жасауы қажет.

Ата-ана өзінің баласына қолдау көрсету үшін мектепке дейінгі ұйымның педагогтарымен ықпалдастықта әрекет ете отырып, өзінің баласы туралы мынадай ақпараттарды білуіне болады:

- бала қандай дыбыстарды дұрыс айта алмайды;
- оның сөзді естуін қалай дамытуға болады;
- оның сөздік қорының даму деңгейі қандай;
- бала өзінің ойын дұрыс жеткізіп, диалогқа қатыса ала ма;
- қолдың ұсақ бұлшық еттерінің даму деңгейі қандай және т.б.

## **МЕКТЕПТЕ ТАБЫСТЫ ОҚУДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ**

Мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналары бірінші кезекте келесілерге назар аудару тиіс:

1. Баланың жалпы физикалық дамуы: қалыпты салмағы, бойы, кеуде көлемі, бұлшық ет тонусы, тепе-тендігі, денесі және басқа да 6 жастағы ер балалар мен қыздардың дene дамуының орташа нормаларына сәйкес келетін өзге де көрсеткіштер.

Көру, есту, моторика жағдайына (әсіреле қол мен саусақтардың ұсақ қымылдарының қалыптасуы) ерекше назар аудару қажет. Тиісінше баланың жүйке жүйесінің жағдайы да анықталуы тиіс: оның мінез-құлқы және тепе-тендік дәрежесі, күші мен қымылы.

Жүйке қызметінің бұзылуы, ең алдымен баланың денсаулығына сондай-ақ тез шаршауына әсер етеді,

2. Айналасындағылармен қарым-қатынас жасай білу және қарым-қатынасты ұйымдастыра білу. Балалар құрдастарымен бірге әрекет етуге және өмірге дайын болуы керек: басқаларды тыңдай білуге және сөзді бөлмеуге, қыын сэтте достарына көмектесуге, өзгелердің пікірлерін тыңдай отырып, егер ол белгіленген тәртіп ережелері мен нормаларына сәйкес келсе, өз құқықтарын қорғай білуі тиіс. Отбасында қалыптасқан адамгершілік мінез-құлқы әдеттері, гигиеналық, мәдени және оқу

дағдылары алты жасар балаға оның өмірінің жаңа кезеңіне «күйзеліссіз» көшуге мүмкіндік береді.

3. Ой-өрісін кенектүге көңіл бөлінеді. Негізінен бұл сезімтал тәжірибе, көріністер, кейбір қарапайым ұғымдар («өсімдіктер», «жануарлар», «маусымдық құбылыстар», «уақыт», «саны») және жалпы сипаттағы бірқатар мәліметтер (адамдардың еңбегі туралы, туған елі туралы, мерекелер, сенімі, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар туралы). Білім аясына кеністік («қашықтықтық», «бағыт», «форма» және «шамасы», олардың кеністіктегі жағдайы) пен уақыты, оның өлшем бірліктері туралы («сағат», «минут», «апта», «ай», «жыл») белгілі түсініктер кіреді. Алты жасар баланың ой-өрісі сан, сан қатары, жиын, тепе-тендік және теңсіздік және т. б. туралы қарапайым ұғымдарды қамтиды.

4. Балаларды мектепке дайындау жоспарында балалардың кейбір дағдыларды, біліктерді және мінез-құлықтың маңызды әдеттері мен дағдыларын: тұрмыстық, өзіне-өзі қызмет көрсету, гигиеналық, мәдени дағдыларды менгеруіне үлкен мән беріледі.

Отбасында мектеп жасына дейінгі ересек балалардың арасында бірінші орында өзіне-өзі қызмет көрсету, екінші орында ойыншықтар мен үй-жайларды жинау болып табылады. Балалар өз бетінше, ескертусіз: аяқ киімдерді мұқият сұртуге, сыртқы киімдерді шешіп, оны шкафқа ілуге, төсектерге жапқышты төсеуге, ойыншықтарды дұрыс қалдыруға, шашын тарауға және сыртқы кейпіне назар аударуына қол жеткізу қажет.

Үстелдегі тәртіп мәдениетіне ерекше көңіл бөлу: тік отыру, барлық ас үй құралдарды пайдалану, шусыз тамақтану, тамақтану кезінде сөйлеспеу және асықпау. Үй жағдайында жалпы үстел басында өзіне ерекше назар аударуды талап етпеуге, айқайламау, ересектердің сөзін бөлмеуге үйрету керек.

Баланың мектепке дайындығының маңызды көрсеткіші олардың байланыстырып, грамматикалық және фонетикалық дұрыс сөйлеуі болып табылады: өзіне тікелей арналған сөзді ғана түсініп қана қоймай, өз ой-пікірлерін білдіру үшін өз бетінше сөйлем құрастыра білуі керек. Сонымен қатар сөздерді тыңдау және айту қабілеті, дыбыстарды сөздерден ажыратада алу, ұқсас сөз тіркестерін есту арқылы ажыратада білуге үйрету қарастырылады.

Балалар сөйлемдерді дұрыс құрастыра білу керек. Сөйлеу дыбыстарының фонематикалық тазалығының кез келген бұзылуы баланың жазуды менгеруін қынданатуы мүмкін.

Ата-аналарда сақтық сезімі және қауіпсіздік негіздері қалыптастырылуы тиіс: құммен, доппен ойнау кезінде көзді жарақаттан қорғау; бейтаныс жануарлармен кездескен кезде сақ болуға үйрету; отпен ойнаудың қауіптілігі туралы ескерту; жол қозғалысы ережелерін орындау және т. б.

Осылайша, олар баланың тек тәрбиелеу мәселелерінде ғана емес, сонымен қатар оқыту мәселесінде де сенімге ие бола алады.

Балалар ата-ананың мейірімін сезінуі тиіс.

Педагогикалық сүйемелдеу барысында ата-аналар:

- балаға тендей қарауды;
- оны басқа балалармен салыстыруға болмайтынын түсінуі;
- баланың әрекетіне шынайы қызығушылық танытуға және эмоционалдық қолдауға дайын болуға үйренуі тиіс.

## **БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ**

Психологиялық аспект үш компонентті қамтиды: зияткерлік дайындық, тұлғалық және әлеуметтік, эмоциялық-ерік.

**Мектепке зияткерлік дайындығы:**

- бірінші сыныпқа барғанда баланың белгілі бір білім қорының болуын;
- бала кеңістіктегі бағдарлана алады, яғни мектепке, дүкенге барып келетін жолды білуін;
- бала жаңа білім алуға ұмтылуы керек, яғни ол білуге құмар болуын;
- есте сактау, сөйлеу, ойлау қабілетін дамыту жасына сәйкестігін қамтиды.

Ата-аналар балалардың мектепке зияткерлік дайындығын заттар мен олардың қасиеті туралы ұғымдарды білуімен қатар ең алдымен баланың ынтасына назар аудару қажет.

**Тұлғалық және әлеуметтік дайындық:**

- баланың құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай білуін; қарым-қатынаста ашуға берілмеуін, ал басқа баламен жанжал кезінде проблемалы жағдайдан шығуды бағалай және іздей білуін; баланың ересектердің беделін түсінуі және мойындауын;
- төзімділік; бұл баланың ересектер мен құрдастарының сындарлы ескертулеріне сәйкес жауап беруін;
- адамгершілік дамуы, бала не жақсы, не жаман екенін түсінуін;
- бала педагог қойған міндепті мұқият тыңдай отырып, түсініксіз сэттерді нақтылап, қабылдауын, ал орындалғаннан кейін ол өз жұмысын дұрыс бағалауын, егер бар болса, өз қателіктерін мойындауын білдіреді.

**Баланың мектепке эмоционалды-еріктік дайындығы:**

- баланың неге мектепке баратынын түсінуі, оқытудың маңыздылығы;
- оқуға және жаңа білім алуға қызығушылықтың болуы;
- оқу бағдарламасы талап ететін, баланың өзіне тән емес тапсырманы орындау қабілеті;
- шыдамдылық, белгілі бір уақыт ішінде ересектерді мұқият тыңдау және бөгде заттар мен істерге алаңдамай тапсырмаларды орындау қабілетін қарастырады.

Ата-аналар мектеп жасына дейінгі балалардың өте маңызды психологиялық ерекшеліктерін білуі тиіс, олардың әрекетінің негізгі түрі ойын болып табылады, ойын арқылы бала дамиды және жаңа білім алады.

Барлық тапсырмалар балаға ойын түрінде берілуі тиіс, ал үй тапсырмалары оку процесіне айналмауы тиіс.

- Бұл сұрақтарға жауаптарды әр бала білуі тиіс
- 1.Өзінің толық аты- жөнін атау.
  2. Қанша жаста?
  3. Әкесі мен анасының атын білу ( бар болса).
  4. Әкесі қайда және кім болып жұмыс істейді?
  5. Анасы қайда және кім болып жұмыс істейді?
  6. Ағасы немесе әпкесі бар ма? Олар қанша жаста? Олардың жасы үлкен немесе кіші ме?
  7. Сіз тұратын қала?
  8. Мекен-жайы
  9. Қай елде тұрасың?
  10. Сенің мектепке барғың келеді ме? Неліктен барғың келеді? Ұнайды ма?

### **Баланың мектепке дайындығы**

Ата-аналар балаларды мектепке дайындаудағы ең бастысы оку, жазу, санау емес екендігін білулері керек. Мақсаты — жаңа біліктер, таным әдістері, әрекет, қарым-қатынасты қалыптастыру арқылы балаларды мектепке баруға дайындау.

Негізгі міндеттер:

- мектепке дайындық барысында ата-ананың баламен әріптестік қарым-қатынасын орнату және дамыту;
- ата-аналарға өз балаларына, олардың қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенуге көмектесу;
- балаларға өзін -өзі басқара алуына және өз қылыштарына жауап беруге көмектесу;
- мектепке дайындық процесінде ата-ананың баламен серіктестік және ынтымақтастық қарым-қатынасын орнату және дамыту;
- ата-аналарға өз балаларына, олардың қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенуге көмектесу;
- балалардың мектепке барад алдында ата-аналардың қобалжу деңгейін төмендетуге ықпал ету.

Балалардың мектепке қызығушылығын арттыру бойынша кешенді дайындық:

- мектепке бару, мектеп мәселелерін талқылау;
- баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бірлескен дамыту-түзету сабактары.

Ата-аналарға әр түрлі дамыту ойындары үлкен көмек көрсете алады, бірақ олардың баланың жасына сәйкес келуі өте маңызды. Балаға ойынды көрсетпес бұрын, онымен өзіңіз танысып, баланың дамуы үшін қаншалықты пайдалы және құнды болатынын шешініз.

Егер балаңыз мультфильмді көрсе, оның мазмұны туралы айтуды сұраңыз-бұл жақсы сөйлеу жаттығулары болады. Сонымен қатар, сіз үшін шынымен қызықты екенін білуі үшін балаға сұрақтар қойыңыз.

Бала айтқан кезде сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтатынына назар аударыңыз, егер қандай да бір қателіктер болса, балаға сырпайы айтып, түзетініз. Баламен өлеңдерді, мақал-мәтелдерді үйренініз .

Қызығушылықты дамыту-мектепке дейінгі ересек жастағы бала тұлғасының психологиялық қалыптасуындағы өте маңызды процесс, өйткені қызығушылықтың жеке тұлға сапасы ретінде қалыптасуын, саналы танымдық қызметтің қалыптасуын, өзін-өзі реттеуін анықтайды.

Оқытудың негізгі әдістері: шығармашылық және еліктеу – орындау сипатындағы жаттығулар, ойындар, көркем шығармаларды оқу, әңгімелер, берілген жағдайларды жинақтау және талдау, импровизация, ересектердің әңгімесі және баланың әңгімесі, тақырып бойынша сурет салу және т.б.

Балаларды мектепке дайындаудың негізгі 5 басты мақсаты бар, олар:

1. Есте сақтауды және зейінді дамыту.
2. Сөздік қорын толықтыру, сөйлеуді және жалпы ой-өрісін дамыту.
3. Қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту.
4. Он көлемінде санауды үйрету.
5. Эстетикалық дамыту (музыка, сурет салу ).

Бала алты жаста мыналарды білуі керек:

- қандай да бір іспен, алаңдамай, 20-25 минут ішінде айналысу;
- заттар мен суреттер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу;
- үлгі бойынша жұмысты орынданған білу, мысалы қағаз бетінде өрнекті және т. б. дәл келтіру;
- тез реакция талап етілетін зейінді ойынды ойнау.

#### Зейін процесін дамыту бойынша ата-аналарға ұсынымдар

Жаттығулар нәтижесінде зейіннің барлық қасиеттері едәуір дамиды:

- мозаикададан өрнектерді орналастыру;
  - үлгі бойынша таяқшадан пішіндер жасау;
  - артығын алғып тастау;
  - ұқсас екі суреттегі айырмашылықтарды табу;
  - бірнеше заттардың арасында екі бірдей затты табу;
  - тордың бетіне сурет салу;
  - мәтініндегі белгілі бір әріпті табу.
- 2) есте сақтау:
- 10-12 суретті есте сақтау;
  - өлеңдерді, жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді, ертегілер мен т. б. есте сақтап айту;
  - 4-5 сөйлемнен түратын мәтінді қайталап айту;
- 3) математика негіздері:
- 10 көлеміндегі сандар;
  - 1-ден 10-ға дейін тұра және кері санау;

- шеңберді, квадратты жартылай және төртке бөлу;
- кеңістікте және қағаз парагында бағдарлау: «он, сол, жоғарғы, төменгі, астыңғы, сырт және т. б. ).

Егер бала шатысатын болса (солақай балаларда кездеседі) бірнеше рет түсіндірініз.

- негізгі геометриялық фигуralарды (шеңбер, шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш) ажырату және дұрыс атау, заттарды көлемі бойынша (ұлкен, кіші) салыстыру және ажырату.

Жаттығу үшін арнайы сабактар қажет емес; оларды күнделікті жүргізуге болады.

#### 4) ойлау:

- сөйлемді аяқтау, мысалы, «теңіз ұлкен ал өзен...», «сорпа ыстық, ал компот...» және т. б.;

- «үстел, орындық, төсек, етік, кресло», «тұлқі, аю, қасқыр, ит, қоян» және т. б. сөз тобынан артық сөз табу;

- оқиғалардың реттілігін анықтау;
- суреттерде, өлеңдерде сәйкессіздіктерді табу;
- ересектердің көмегінсіз пазлдарды қою;
- қағаздан ересектермен бірге қарапайым заттарды құрастыру: қайық, кеме;

- оқиғалар хронологиясы бойынша суреттерді орналастырып, әңгіме құрастыру.

#### 5) сөз:

- бірнеше сөзден сөйлем құру;
- сурет және суреттер топтамасы бойынша байланыстырып әңгіме құрастыру;

- дұрыс интонациямен өлеңдерді мәнерлеп айту;

#### 6) ұсақ моторика:

- қаламды, қарындашты, қылқаламды дұрыс ұстау, жазу мен сурет салу кезінде саусаққа салмақ салмау;

- заттарды бояу және сызықтан шығармай оларды штрихтау;

- қағазға салынған сызық бойынша қайшымен кесу;

- жапсыру.

#### 7) қоршаған орта:

- негізгі түстерді, үй және жабайы жануарларды, құстарды, ағаштарды, саңырауқұлақтарды, گүлдерді, көкөністерді, жемістерді және т. б. білу.

- жыл мезгілдерін, табиғат құбылыстарын, ұшатын және қытайтын құстарды, айларды, апта күндерін, өзінің тегін, атын, әкесінің атын, өз ата-аналарының аттарын және олардың жұмыс орнын, өз қаласын, мекен-жайын, мамандық түрлерін атау .

Баламен үй тапсырмаларын өткізу өте пайдалы және балаға қажет. Олар барлық отбасы мүшелерін жақындастырады, сенімді қарым-қатынас орнатады.

5-6 жастағы бала тапсырманы ұзақ уақыт орындаі алмайды. Ата-аналар бес-алты жастағы балалардың төзімді болмайтынын және ұзақ уақыт бір тапсырманы орындаі алмайтынын білуі тиіс.

Бала 15-20 минут-бұл шамасында заттарды құрастырады, сөйлейді содан кейін ол демалуға, басқа нәрсемен айналысуы керек. Ол үшін баланы сергіту үшін үзіліс жасау керек. Бірақ мұндай әрекеттерге баланы мәжбүрлемеу керек, оны бірінші кезекте қызықтырып, ал ол үшін қызықты тапсырмалар ұсыну керек және ең қолайлы сәтті тандау керек.

Баланы ойыннан бөліп, оны үстелге отырғызудың қажеті жоқ, ол сіздің ұсынысыңызды өзі қабылдайтындығын сезінуге тырысыңыз.

Мысалы, алдымен 10-15 минут бойы логикалық жаттығуларды орындатуға ал үзілістен кейін сурет салумен айналысуға болады, одан кейін қимылды ойындар ойнап, содан кейін пластилиннен қызықты фигуralарды және т. б құрастыруға болады.

Әдетте, осы жастағы балалар білуге құмарлық танытады. Ересектерге көптеген сұрақтар қояды.

Егер балалардың сұрақтарына жауап бермесеңіз, онда бала сұрауды қояды. Баланың сұрақтарына жауап беріп қана қоймай, оған қандай да бір тапсырма беру керек. Бұл баланы дамытуға ықпал етеді.

Мысалы, аулада қыдырып жүргенде жыл мезгілдері туралы әңгімелесіңіз (қар жауды, адамдар жылы киімдерін киді, ағаштар «бас киім» киген секілді және т.б.) ал серуенде арнайы көліктерге (өрт, жедел жәрдем, азық-түлік жеткізушілері, әскери техника) ағаштағы құстарға, көрікті жерлерге және т.б. баланың назарын аударуға болады.

Баланы қоршаған ортаға назар аудартуда оның бақылау және талдау тәжірибесі жинақталатын болады; сонымен қатар оның қоршаған орта туралы білімі кеңейтіліп, сөйлеуі жетілетін болады.

## **ҚОЛ БІЛЕЗІКТЕРІ МЕН САУСАҚТАРДЫҢ ҰСАҚ БҰЛШЫҚ ЕТІН ДАМЫТУ**

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту бойынша ата-аналармен жұмыс мектепке дейінгі ұйым мен отбасы жұмысының құрамдас бөлігінің бірі болып табылады. Мектепте жазуды менгеру үшін қол білеziктері мен саусақтардың ұсақ бұлшық етін дамыту ете маңызды.

Ғалымдар қолдың ұсақ бұлшық етінің жетілуі сөйлеудін дамуына және ойлау операцияларының қалыптасуына әсер ететінін дәлелдеді. Соңдықтан балалардың қол шеберлігі дағдыларын дамыту үшін ерекше жағдайлар қажет.

Кейбір ата-аналар баланың ұсақ моторикасын дамытуға тиісті көңіл бөлмейді. Баланың ұсақ моторикасы неғұрлым жақсы дамыған сайын, оның жалпы даму деңгейі де жақсарады. Егер баланың саусақтары нашар дамыған болса, қайшыны қолында ұсташа және қайшымен қиу оған қындық туғызса, онда әдетте оның сөйлеуі нашар дамиды және ол өзінің дамуы жағынан

күрдастарынан артта қалады. Сондықтан логопедтер балалары логопедтік сабактарды қажет ететін ата-аналарға мұсіндеумен, сурет салумен және ұсақ моториканы дамытуға арналған басқа да жұмыстармен айналысады ұсынады. Осы мақсатта балалар ата-аналарының басшылығымен түрлі жаттығуларды орындайды: сурет салады, суреттерді штрихтайды, берілген пішіндерді контуры бойынша қияды, ермексаздан мұсін жасайды және т. б.

Балалардың кол ұсақ моторикасын дамыту бойынша жұмыс барысында ата-аналар дәстүрлі, сондай-ақ дәстүрден тыс жұмыс түрлерін қолдануы қажет, бірақ бұл жұмыс түрлерінің барлығы ынтымақтастық пен өзара әрекетке негізделуі тиіс.

Қолданылатын жұмыс жүйесі ата-аналарды саусақ жаттығулары, өзінен-өзі массаж жасау тәсілдерімен, ойындармен, жаттығулармен, графикалық-моторлық дағдыларды дамытумен таныстыруды қамтиды.

Ата-аналардың көпшілігі балаға қайшыны ұстауға тыйым салып, үлкен қателік жасайды, бірақ балаға қайшыны қалай дұрыс ұстау керектігін айтып, дұрыс қолданбаған жағдайда қайшының қауіпті екенін түсіндіру қажет. Ата-ана баланың қағазды белгіленген сзызықпен қиоюн қадағалауы тиіс, ол үшін геометриялық пішіндерді салып, баланың мұқият қиоюн сұрап, содан кейін оларды жапсыруға болады. Бұл тапсырмалар балаларға ұнайды, ал оның пайдасы өте тиімді.

Ұсақ моториканы дамытуда мұсіндеу өте пайдалы және балалар түрлі дөңгелектерді, андар мен басқа да мұсіндерді жасауды ұнатады. Ата-ана баламен бірге саусақ жаттығуларын үйреніп, сондай-ақ, қолды сурет салу, штрихтау, бауды байлау, моншақтарды жіпке тізу арқылы жаттықтыруға болады.

Тапсырмаларды орындау кезінде баланың қолына күш түсірмей қарындашты немесе қаламды дұрыс ұстап отырғанын, ұстелдің үстінде қағаздың орналасуын қадағалау қажет. Тапсырмаларды орындау ұзақтығы бес минуттан аспауы тиіс, бұл ретте баланың тапсырманы орындаудағы жылдамдығы емес, оны дұрыс орындауы маңызды. Балаға қарапайым тапсырмаларды орындалудан бастау керек, мысалы, бейнені үстінен бастыру, бала неғұрлым женіл тапсырманы жақсы орында болғаннан кейін ғана біртіндеп тапсырманы күрделендіруге болады.

Сонымен қатар, бала үшін тапсырманы ата-ананың өзі орындалмай, оған қол жеткізгенінен қанағат алуға мүмкіндік беру, содан кейін ғана жаңа, неғұрлым күрделіге көшу маңызды.

## АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР

1.Егер балаңыз сізді сыйлағанын қаласаңыз, онда өзінізде оған сыйластықпен қараңыз, әр баланың жеке тұлға екенін естен шығармаңыз.

2.Баланың қылыштарын сынағанда, оның жеке басына тіл тигізбеніз.

3.Баладан оның жас немесе жеке мүмкіндіктеріне сәйкес келмейтінді талап етпеніз.

4. Балаға ақыл айтып немесе сөгетін болсаңыз, ол 2-3 минуттан аспуы тиіс.

5. Баланың қателерін мойындауга және «енді бұлай жасамаймын» деген уәдесін алуға тырыспаңыз.

6. Балаңыз кенеттен қатты дыбыс естігенде немесе қолыныздың қозғалысынан (көтеру) үрейленетін болса, онда бұл сізді ойландыруы тиіс.

7. Сіздің үрейленуіңізді, аландауынызды бала сезеді, сондықтан балаға білдірпеуге тырысының.

8. Баланы тыңдай білініз. Әрбір мәселе бойынша өз пікіріңізді айтуда асықпаңыз.

9. Балаға адаптиацияның жасауды үйретіңіз.

### **«Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың жіберетін басты қателіктері»**

Қазіргі уақытта балаларды тәрбиелеуде ата-аналар көптеген проблемаларға кезігеді. Психолог Е. Филоненко мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың жіберетін 5 негізгі қателерін бөліп көрсетті. Бұл қазіргі кезде көп жіберілетін жалпы қателер болып табылады.

**1 қателік** – баланы гаджеттерге тәуелді ету. Баланы телефонның көмегімен тыныштандыру ата-аналарға оңай болып келеді, себебі бала телефонға қызығып, ештеңеге аландаамайды, сұрақтар қойып ешкімді мазаламайды, үлкендердің әңгімесіне араласпайды. Ересек балалар электрондық құрылғыға тәуелді болып қалатындықтан, олардан алғы қою қыындық келтіреді. Ата-аналардың өздері оларға үлгі көрсетеді, яғни бос уақытта олардың қолдарынан да телефон немесе планшеттері түспейді. Баланың ойлауы әлі қалыптаспағандықтан, оны тыныштандыру үшін телефонды пайдалану үлкен қателік. Баладан телефонды қоюды талап еткенде ол ашуланып, озбырлық танытады.

**2 қателік** - «баланы ерте дамыту». Қазіргі кезде ата-аналар баланы дұрыс сөйлеуге үйретуден бұрын окуға үйретуге тырысады. Көптеген ата-аналар баламен көбірек сөйлесуге, қоршаған ортамен таныстыруға салғырт қарайды, олар бала қоршаған ортаны өздігінен таниды деп ойлайды. Бірақ, күнделікті түрмиста іс-әрекет барысында балаларды дамыту қажет. Мысалы, түскі ас дайындаған жатсаңыз, баланыздан сәбіздің түсін, қанша кесек сәбіз кескенізді, сәбіз бер орамжапырақтың айырмашылығын, көкөністер мен жемістердің түсін, пішінін сұрауының болады. Өзініз тұратын үй, ауладағы көрші үй неше қабаттан тұратынын санауды ұсынуға болады. Мектеп жасына дейінгі балаға аяқ киімінің бауын байлау, күртешесінің түймесін салу қыындық келтіреді. Ерте дамыту – бұл қарапайым дағдыларға үйрету. Ата-аналарға баламен сөйлесіп, әңгіме, ертегі айтып бергеннен гөрі, кітап сатып әперіп, өзін отырғызып қою оңай болып келеді. Аналары әрдайым асығып жүреді, сол себепті баланың киімінің түймесін өздері салып, баусыз аяқ киім сатып алуға тырысады.

Алайда, баланың табиғи дамуы зардап шегеді, бірдене жасауға деген ұмтылысы жойылады, сондықтан оны күштеп мәжбүрлеуге болмайды, оның әлемді тануына мүмкіндік беру қажет.

**3 қателік** – балалар әлеуметінен алыстату. Кейбір ата-аналар баласы балабақшада уақытты босқа өткізеді, яғни ештеңемен айналыспайды немесе жиі ауырады деп ойлайды. Осыған байланысты балаларын түрлі үйірмелерге беруді дұрыс деп санайды. Бірақ, баланы балабақшадан алшақтату – бұл келешекте оның ұжымға бейімделе алмауына және құрдастарымен қарым-қатынас жасауда қызыншылықтарға тап болуына әкеп соғуы мүмкін. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың қызығушылықтары бірдей, олар бір-бірімен тен дәрежеде – жанында ата-аналары болмағандықтан өздері тіл табысуға ұмтылады.

**4 қателік** – күтпеген жағдайдың орын алуы. Кейде ата-аналар баласының қандай болуы керек екенін елестете алмайды. Мұндай қарама-қайшылық орта жастағы ата-аналарда немесе егер олар отбасында жалғыз бала болса немесе отбасының кенжесі болған жағдайда туындейды. Ата-анасына бұл бала басқа балаларынан ерекше болып көрінеді, оған жоғары талаптар қоя бастайды, ал балада мен бәрін дұрыс жасап жатқан жоқпын деген ой қалыптасады. Әкелер жиі ұлдарын басқа балалармен салыстырады, оларға ұлдары белгілі бір критерийлерге (әлсіз, әлжуаз, сенімсіз және т.б.) сәйкес келмейтіндей болып көрінеді, оларға шағымдарын айтады, ренжітетін балалардың барлығын ұруға кеңес береді, осындай жағдайда бала қарама-қайшылыққа тап болады. Мектеп жасына дейінгі баланы ересектермен диалогқа қатысуға ынталандыру қажет. Егер ата-аналар баласына күмән келтіретін болса, психологке, тәжірибелі педагогке, тәжірибелі анаға жүгінуіне болады.

**5 қателік** – баланы еңбек әрекетінен шектеу. Ата-аналар үйде баланы қауіпсіз жағдайлардан қорғау үшін бір іспен айналысуына рұқсат етпейді, бірақ баланың қимыл жасап, қоршаған ортаны тануы қажет. Балаларға шамасы келетін жұмыспен айналысуына мүмкіндік беріп, өзіне деген сенімділігін қалыптастыру, еңбек сүйгіштікке баулу маңызды, нәтижесінде баланың өзіне-өзі баға беруі артады.

Ата-аналар баламен қарым-қатынас жасауға көп көңіл бөліп, олармен дүкенге, ойын – сауық орталықтарына бару, саябақта серуендеу, кітап оқу, үйді бірлесіп тазалауды ұйымдастыру қажет.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Баланы отбасында тәрбеилеу – құрделі әлеуметтік-педагогикалық процесс. Ол бала тұлғасының қалыптасуында отбасының барлық ахуалы мен микроклиматының әсерін білдіреді.

Баланы мектепке даярлауда отбасы маңызды рөл атқарады. Осы ауқымды және жауапкершілікті жұмысты отбасынан бөлек атқаруға

болмайды, себебі ата-аналар бала туылғаннан бастап өмір бойы өз баласының алғашқы және басты тәрбиешілері.

Ата-ананың міндегі – баланың өмірінде кездесетін барлық жайттарға қызығушылық таныту, оны жақсы көретіні туралы сендіру және оған қамқор болу.

Болашақ мектеп оқушысында толыққанды тамақтану мен қатаң күн тәртібі болған кезде тек сирек шаршап қана қоймай сирек ауыратын болады. Мұнда бұл жастағы балаларға қимыл белсенділігіне деген сұраныс жоғары болғандықтан күнделікті көшеде серуендеудің пайдасы да зор.

Ата-ана баланың мектепке даярылығы тек ауызша нұсқау беруден тұрмайтынын түсіне отырып, баланың әрекетіне басшылық жасап, оны ынталандыруы және қолынан келетін еңбекке баулуы қажет.

Баланы мектепке оқуға психологиялық даярлау оны дамытудың маңызды қадамы болып табылады, ол оқуға деген жауапкершілікті, өзінің мінез-құлқын еркін басқаруға, ересектермен және құрдастарымен мәдени қарым-қатынасты тәрбиелуе.

Баланы мектепке даярлауда бастысы жағымды көзқарасты қалыптастыру керек. Балаға мектепте «қызындық болады, тыңдамасаң бұрышқа тұрғызып қояды, ұрсады» деп айтуға болмайды. Керісінше «мектепте қызық болады, онда жаңа достарың көп болады, онда ол көп нәрсені үйретеді» деп, түсіндіріп баланы қызықтырған жөн.

Балалрдың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда ата-ананың өзін баланың алдында ұстауы ұлken рөл атқарады. Бала үшін ата-ана көркем, мәдени сөйлеудің болып табылады, себебі бала тыңдалап, біреуге елікеп сөйлеуге үйренеді. Нәтижесінде бала дұрыс сөйлеуге және қоғамда әлеуметенуге үйренеді.

Белгілі балалар психологы Л.А. Венгердің айтуы бойынша «Мектепке дайын болу – міндегі тұрде оқу, жазу, санау емес. Мектепке дайын болу – осының барлығына үйрену».

## **МАЗМҰНЫ**

1.	Түсіндірме жазба	3
2.	Баланы мектепке даярлаудағы отбасының рөлі	4
3.	Мектепте жақсы оқудың негізгі факторлары	6
4.	Баланың мектепке психологиялық даярлығы	8
5.	Қол білесіктері мен саусақтардың ұсақ бұлшық етін дамыту	12
6.	Ата-аналарға арналған ұсынымдар	14
7.	Қорытынды	16